

НАУРЫЗ - ЖАҢА ӨМІРДІҢ БАСТАУЫ

Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының мерекелік құттықтауы

Ардақты ағайын, қадірменді жерлестер!
Жер дүниені жасандырып, тіршілік атаулыны тірілтіп, өз Наурыз мерекесі де келіп жетті. Бар жақсылықтың бастау бұлағы саналатын осынау күнді ата-бабаларымыз сонау есте жоқ ескі заманнан жыл басы санап, Ұлыстың Ұлы күні деп атаған. Расында да Наурыз барша шырайлы шығыс халқының нағыз жаңа жылы деп аталып, бұл мезгілді қарапайым көпшілік асыға тосқан. Наурыз табиғаттың оянуы мен көгілдір көктемнің келуінің белгісі. Ұлыс күні барша жан бір-біріне жылылық пен мейірімділікке толы ақ тілектер айтып, барлық реніштер мен өкпе-назды ұмытып, Жаңа жылды, Жаңа күнді ақ пейіл, таза жүрекпен бастауға ұмтылады.

Қызуынан Самарқанның көк тасы еріген өз Наурыз мерекесі соңғы жылдары ерекше екпінмен, жаңаша рухпен тойлануда. Наурыз айының 10 күні арнайы, мақсатты бағыттарға белгіленіп, халқымыз тамырлы тарихымен, өнегелі өткенімен жаңаша қауышып, кең тыныспен табысып жатыр.

Халық сенімі бойынша бұл күнде айтылған ақ тілектер қабыл болады екен. Ендеше, баршамыз бір-бірімізге бақ пен береке, ырыс пен ырзық тілейік. Ұлыстың Ұлы күні әрбір жанұяға жақсылығын, толағай табысы мен баянды бақытын әкелсін! Ұлыс оң, ақ мол, мерекелеріңіз мерейлі болсын!



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sargan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №11 (95116) 21 наурыз 2025 ж.

Президент Көкше төріндегі құрылтайда осыдан үш жыл бұрын наурыз айында жариялаған Жолдауына сай жүргізілген қоғамдық-саяси реформаларға тоқталып, ел ішіндегі оң өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, қоғамда қызу талқыланып жатқан салық реформасына қатысты пікір білдірді.

— Салық жүйесі, бұл — бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса, мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды. Еліміз үшін аса қажет шаралардың мән-маңызын халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру керек. Жұрттың бәрі экономист немесе қаржыгер емес. Мемлекеттің қандай шараны не үшін қолға алып жатқанын бәрі бірдей түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан реформаның мәнін әр адамға түсінікті тілмен жеткізу керек. Үкімет салық реформасына қатысты жаңа тәсілдерді ұсынды. Бұл шаралар, жалпы алғанда, дұрыс. Онда негізгі экономикалық және әлеуметтік факторлар ескерілген. Кәсіби мамандар да, жалпы жұртшылық та қосымша құн салығының мөлшерлемесін көтеру қажеттігіне түсіністікпен қарайды. Дегенмен ұсынылған шараларға, соның ішінде, қосымша құн салығына қатысты сын-пікірлер де естіліп қалады. Бірақ мұндай пайым шынайы ахуалға негізделмеген. Түрлі себепке байланысты өзіне ауқымды әлеуметтік міндеттеме алмайтын елдер аз емес. Ал Қазақстанның бюджет қаржысының жартысынан көбі әлеуметтік саланың еншісінде. Біздің еліміз — әлеуметтік мемлекет. Сондықтан білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салуды жалғастырамыз, — деді Президент.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай мүшелері тарапынан көтерілген қоғамдық әдепті реттеу; теріс ағымдар мен ұлттық



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысына қатысты

болмысымызға жат идеологияларға, түрлі алаяқтық әрекеттерге тосқауыл қою; отандық кино және анимация өндірісіне идеологиялық тұрғыдан мән беру; әйелдер колониясындағы жағдайды түзеп, қылмыстық-атқару жүйесіндегі заңнаманың жүкті немесе көмелет жасқа толмаған балалары бар әйелдерге қатысты тұсын қайта қарау, кәсіптік-техникалық колледждерді дамыту ісінде жаңа мамандықтарға сұраныс пен еңбек нарығындағы жағдайды ескеру секілді өзекті мәселелерге қолдау білдіріп, өз ойын ортаға салды.

Мемлекет басшысы ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру, жасампаздық құндылықтарды дәріптеу, әлеуметтік кеселдерді жою, азаматтық қоғамды дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстың кемшін тұстарына назар аударып, ішкі саясаттағы ауқымды идеологиялық жұмысты жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат әзірлеуді тапсырды.

Сонымен қатар Президент ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолын-

да мәдениет саласы айрықша рөл атқаратынын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде театр өнеріне деген қызығушылық өсіп келе жатқанын алға тартып, өңірлердегі театрларды дамытуға әрі бұл іске бизнес өкілдерін белсенді атсалысуға шақырды. Сондай-ақ Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы қарсаңында Абай институтын Конфуций, Гете, Сервантес институттары сияқты халықаралық деңгейдегі мәдени-ағарту мекемесіне айналдыру үшін Сыртқы істер министрлігі мен «Отандастар» қорына Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, шетелде осындай орталықтар ашу бойынша тиісті жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Бұдан бөлек, Президент Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бастамаларын қолдау, құжат түріндегі мұраларымызды ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіміне енгізу, төл болмысымыз бен мәдениетімізді айшықтайтын ұлттық цифрлық мұрағатты жасанды интеллект жүйелеріне кіріктіру, тарихи зерттеулерді жандандыру міндеттерін

айқындады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың жұртшылық алдындағы сөзінің бір бөлігі елімізде жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларға арналды.

Президенттің айтуынша, мемлекеттің ең басты міндеті — аймақтардың экономикалық өсіміне түрткі болатын және өңірлердің дамуындағы теңсіздікті жоятын бастамаларға баса мән беру. Бұл ретте биыл экономиканың нақты секторын қаржыландыру көлемі екі есе, яғни 8 триллион теңгеге дейін ұлғаймақ. Президент өңірлердегі білім беру, денсаулық сақтау, туризм және спорт салаларын дамыту жобаларына кеңінен тоқталып, оларды уақтылы әрі сапалы жүзеге асыру маңызды екенін ескертті.

— «Қуатты аймақтар — қуатты ел» ұстанымы — менің саяси бағдарымдағы мызғымас қағиданың бірі. Үкімет осы қағиданы негізге ала отырып, облыстардың еншісіндегі әлеуметтік салықты сақтап қалу туралы шешім қабылдады. Алайда облыс әкімдері бюджет қаржысын үнемдеп, тиімді пайдалануы керек. Елге пайдасы тиетін әлеуметтік маңызы бар жобаларға басымдық беру қажет. Бүгін айтылған бастамалар мен жобалар аймақтардың біркелкі дамуына ықпал етіп, еліміздің одан әрі өркендеуіне жол ашады деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, жаһанда жүріп жатқан үдерістерге шолу жасап, Қазақстанды кез келген сын-қатерге төтеп бере алатын қуатты мемлекетке айналдырудың қамы жөнінде ой толғады.

Президенттің пікірінше, еліміз тәуелсіздіктің 40 жылдығына қандай жетістікпен жететінін, оған дейін қандай тарихи міндеттердің орындалуға тиіс екенін нақты білу маңызды. Бұл ретте Мемлекет басшысы цифрландыру мен жасанды интеллекті, энергетика, агроөнеркәсіп секторын және адам капиталын Қазақстанның жаңа әлемдегі орнықты дамуына жол ашатын негізгі факторлары ретінде атады.

ІЛГЕРІЛЕУГЕ БАСТАҒАН АЛТЫ ЖЫЛ: ҚАЗАҚСТАН ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДА

Үкімет басшысы Олжас Бектенов 6 жылда ел экономикасы қандай нәтижеге қол жеткізгенін айтты.

Таяу күндері Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ел тізгінін қолына алғанына алты жыл толады. Осы уақыт ішінде Қазақстан коронавирус пандемиясынан бастап жаһандық геосаяси шиеленістерге дейінгі көптеген сын-қатерге қарамастан, экономикалық дамуда елеулі нәтижелерге жетті.

2024 жылдың соңында ЖІӨ 288 миллиард долларды құрады. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 14 мың доллардан асты. Қазақстан табысы жоғары елдер тобына едәуір жақындады.

Мемлекет басшысы мұнайдан тыс салаларды дамытуға басымдық бере отырып, экономиканы әртараптандыруды кезек күттірмейтін маңызды міндет ретінде айқындады.

Аталған жұмыстың нақты нәтижесін қазірдің өзінде көріп отырмыз – шикізаттық емес салалар экономикалық өсудің қозғаушы күшіне айналады. 2019-2024 жылдар аралығында өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 31,4%-ға, құрылыста 96,3%-ға өсті. Жалпы өнеркәсіп құрылымында өңдеуші кәсіпорындар өз үлесі бойынша өндіруші сектормен теңесті.

Тек 2024 жылдың өзінде өңдеу өнеркәсібінде жалпы құны 1,3 триллион теңге болатын 180 инвестициялық жоба іске асырылды. Нәтижесінде, аталған секторда соңғы онжылдықтағы ең жоғары көрсеткішке – шамамен 6% өсімге қол жеткізілді. Алты жыл ішінде машина жасау секторындағы өндіріс үш есе өссе, өнеркәсіптік өндірістің жылдық орташа өсімі 20,3%-ды құрады. Нақты сандарда, 2018 жылы 30 мың бірлікті құраған жеңіл автомобильдердің саны 134 мың



бірлікке дейін жетті. Сол сияқты жүк автомобильдері бойынша да алты еседен астам – 7,1 мың бірлікке дейін, автобустар бойынша жеті есеге, яғни 2,9 мың бірлікке дейін, арнайы техника шығару шамамен үш есеге, яғни 711 бірлікке дейін өсім тіркелді, - дейді Үкімет басшысы.

Оның айтуынша, Президент тапсырмасы бойынша мұнай-газ химиясын қарқынды дамыту қолға алынды.

Еліміз шикізатты экспорттаудан оны терең өңдеуге біртіндеп бет бұрды. Полимерлер, композиттік материалдар, химиялық реагенттер өндіріліп жатыр. Мұның барлығы – әртүрлі салаларда сұранысқа ие қосылған құны жоғары өнімдер. Ірі жобалардың бірі – Атырау облысында іске қосылған КРІ зауыты бүгінде полипропилен өндірісін жолға қойды. Зауыт өзінің қуаттылығы жағынан Орталық Азиядағы осындай өндіріс орындарының ішіндегі ең ірі кәсіпорын саналады.

Астықтың былтырғы рекордтық өнімі ауыл еңбеккерлерін мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін көрсетеді. Алты жыл ішінде агроөнеркәсіп кешенін

субсидиялауға 2,5 триллион теңге бөлінді, бұл ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 1,8 есеге, яғни 8,3 триллион теңгеге дейін өсуіне ықпал етті. Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққанда еңбек өнімділігі бес жыл ішінде екі есе өсіп, 4,2 миллион теңгеге жетті. Ал, азық-түлік өндірісінің көлемі 2,1 есе ұлғайды, - дейді ол.

Ол отандық тауар өндірушілерді қолдау – Мемлекет басшысы басымдық берген негізгі бағыттың бірі екенін атап өтті.

Мемлекеттік сатып алуда машина жасау, металлургия, құрылыс, жеңіл және химия өнеркәсібі, сондай-ақ азық-түлік тауарлары бойынша тек қана қазақстандық өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі едәуір кеңейтілді. Осы орайда ұлттық даму институттары Қазақстан экономикасына салынатын инвестиция көлемін ұлғайта түсуде. Тек 2025 жылдың өзінде «Бәйтерек» холдингі арқылы 8 триллион теңге инвестиция салынады, ал 2027 жылға қарай Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бұл сома 10 триллион теңгеге дейін ұлғайтылады.

Серпінді дамуға қажетті маңызды шарттардың бірі – шетелдік инвестициялар Қазақстан экономикасына тұрақты тартылуда. Мұны шетелдік кәсіпкерлер тарапынан көрсетіліп отырған еліміздің экономикалық әлеуетіне деген үлкен сенім мен жоғары рейтингтер растап отыр. Атап айтқанда, 2024 жылы Қазақстан Moody's

агенттігінің «Тұрақты» болжамымен өз тарихындағы ең жоғары Ваа1 рейтингіне ие болды. Халықаралық S&P, Fitch рейтинг агенттіктері де Қазақстанның несиелік рейтингін инвестициялық сенімділік деңгейінде растады. Соңғы алты жыл ішінде экономикаға 130 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестициялар тартылды. Шетелдік серіктестер өңдеу өнеркәсібі саласына көбірек инвестиция сала бастағанын атап өту маңызды. Оның көлемі 72,7 миллиард долларға жетті. БҰҰ Қазақстанды теңізге шыға алмайтын елдер арасында ірі ТШИ көлемін алушы ретінде екінші орынға шығарды, - деді Үкімет басшысы.

Сондай-ақ ол Мемлекет басшысының белсенді дипломатиялық күш-жігерінің арқасында өзге елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастық дамып келе жатқанын тілге тиек етті.

Нәтижесінде, соңғы алты жылда сыртқы сауда айналымы бір жарым есеге, 94,8 миллиард доллардан 141,4 миллиард долларға дейін өссе, экспорт көлемі 61,1 миллиард доллардан 81,6 миллиард долларға жетті. Экспорт құрылымында өңделген тауарлар үлесінің артуы атқарылған жұмыстың елеулі нәтижесі болды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша олардың шетел нарықтарына экспорты 28,8 миллиард долларға жетті. Бұл 2018 жылғы көрсеткіштен шамамен екі есе жоғары. Машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен құрылғылар экспортының үлесі 1,1%-дан 5,8%-ға дейін артты. Экспорт құрылымындағы шикізаттың үлесі де барған сайын азайып, 2018 жылғы 74,5%-дан 2024 жылы 63,5%-ға дейін төмендеді, - дейді ол.

BAQ.KZ.



Жетісу облысында бір мезгілде 336 баланың тұсауы кесілді

Жетісу облысында Наурыз мейрамының онкүндігі аясындағы Мәдениет және ұлттық салт-дәстүрлер күніне орай «Өмірге алғашқы қадам» атты тұсаукесер рәсімі өткізіліп, бір мезгілде 336 баланың тұсауы кесілді. Бұл рәсім Қазақстанның Рекордтар кітабына енгізілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорған қаласындағы шара «Жастар» Спорт сарайында облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қатысуымен өтті. Мерекелік рәсім Қыдыр ата кейпіндегі қарияның көпке бата беруімен басталды.

Облыстың аудан-қалалары Спорт сарайындағы шараға бейнебайланыс арқылы қосылды. Осы күні Кербұлақ, Көксу, Ескелді, Алакөл, Сарқан аудандарында 30 баладан, Ақсу ауданы мен Текелі қаласында 20 баладан, Қаратал ауданында 50 бала, сондай – ақ Талдықорған қаласында, жалпы саны 336 баланың бір мезгілде тұсауы кесілді. Тұсаукесер рәсімін балалардың жолы ашық, қадамы нық, өмірі ұзақ болсын деген ниетпен көпке сыйлы ардагерлер, өнер қайраткерлері, қаламгерлер, журналистер, дәрігерлер, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, қоғамдық бірлестік өкілдері т.б. атқарды.

Шарада Рекордтарды тіркеу комиссиясының мүшесі Бақытжан Тастүлеков сөз алып: - Елімізде үш жүзден астам баланың тұсауын бір мезгілде кесу алғаш рет Жетісу облысында өткізіліп отыр. Сондықтан бұл факт Қазақстанның рекордтар кітабына енгізілді, - деп осыны растайтын сертификат ұсынды.

Көп балалы ана, үшемдерді өмірге әкелген Сенбай Тұрсынбек те осы мерекеде сәбилерінің тұсауын кескізуге арнайы алып келді. Алғашқы қадамын жасаған бүлдіршіндердің тұсауын білім беру саласының үздігі, 40 жылға жуық тәжірибесі бар инженер-педагог Әсет Жұмаділов кесті.

Осы күні қуанышқа кенелген көптеген отбасылар құттықтау тілектерін жеткізіп, Наурыз мерекесімен, Қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келген осынау рәсімге деген ізгі лебіздерін ақтарды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімі су тасқыны қаупі бар аймақтарды әуеден бақылады

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Төтенше жағдайлар департаментінің және «Қазселденқорғау» ММ филиалының басшылығымен бірлесіп Жетісу Алатауы тауларына аэровизуалды тексеру жүргізді. Әуеден бақылау барысында су тасқынының алдын алу мақсатында таулы өңірлердегі қар жамылғысы деңгейі мен қардың еру процесіне



зерделеу жасалды. Сондай-ақ аудан, қала әкімдері жергілікті жерлерде селдің алдын алу бағытында қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл ретте Көксу, Көктал, Қоғалы, Биен, Ақсу, Сарқан, Ағынықатты, Лепсі, Кіші және Үлкен Басқан өзендерінің бассейндерінің қазіргі жағдайына назар аударылды.

Облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне қарағанда, бүгінгі күні теңіз деңгейінен 1500-2000 м биіктіктегі қар жамылғысының қалыңдығы 30 см-ден 70 см-ге дейін, өзен арналарында жиекмұздар, кептелістер жоқ, судың өтуі кедергісіз. Мореналық көлдер қысқы режимде. Төменгі Жасылкөл үйінді көлінің көлдің жағалау бойындағы акваториясы біртіндеп мұз бен қардан босатылуда.

Әуеден бақылау барысында өзен бассейндеріндегі гидрологиялық жағдай маусымдық ауа райына сәйкес екені анықталды.

Облыс әкімі су тасқыны жағдайын болжау мен талдауға мүмкіндік беретін мұндай мониторингілеу жұмыстарын жүйелі негізде жүргізу керектігін атап өтіп, су тасқыны қаупінің алдын алуды қамтамасыз етудің кешенді шараларын күшейтуді тапсырды.

Атап өтсек, 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне алдын ала дайындық шеңберінде өткен жылы 34 іс-шара атқарылды. Ал биыл бұл мақсатқа 1,9 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді. Бұл қаражатқа бірқатар магистралды каналдарды жөндеу, су тасқыны қаупі бар 2 өзенде нығайту, тереңдету жұмыстары және профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі.

Жалпы су тасқыны жағдайының күрделенген кезеңіне дайындық ретінде бүгінгі күнге аудан және қала әкімдіктерімен 16 мың тонна инертті материал, 112 тонна жанар-жағармай мен 189 мотопомпа дайындалды. Инженерлік техниканы тарту бойынша шаруашылық субъектілерімен саны 101 меморандум жасалды. Өңірде 235 эвакуациялық пункттер әзірленді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

3 мыңнан астам отбасына қайырымдылық жасалды



«Наурызнама» тұжырымдамасы аясында «Жанашыр жүрек» республикалық қайырымдылық акциясы Жетісу өңірінде де кеңінен атқарылуда. Қазіргі кезде акция аясында облыстың аудан-қалаларында жалпы саны 3 мыңнан астам отбасы қайырымдылық шараларымен қамтылып, оларға 33 млн. теңгенің көмегі көрсетілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мәселен, Көксу ауданында демеушілер 20 баланың балабақшаға төленетін бір жылдық төлемін жасап берді.

Ал Қаратал ауданында азық-түлік көмегі ерекше қажеттіліктері бар 80 тұрғынға берілді. Қайырымдылық акциясына ауданның кәсіпкерлері мен осы игі іске бей-жай қарамайтын қарапайым тұрғындар белсене қатысты.

Қайырымдылық шараларынан өңірдің еріктілері де шет қалған жоқ. Мысалы, «Мейірімді Жетісу» еріктілер фронт-офисі қайырымдылық қорымен бірлесіп Талдықорғанда және қалаға жақын аудандарда аз қамтылған отбасыларға 100 дана азық-түлік себетін таратты.

- «Қайырымды күні» аясында біз қайырымдылық акциясын өткіздік. Біздің волонтерлік фронт-офис бұл жұмысты

тұрақты түрде жүргізеді. Жыл басынан бері біз ардагерлер мен жалғызбасты қарт адамдарды қолдау үшін әлеуметтік, экологиялық акцияларды қосқанда жалпы саны 672 акция өткіздік. 100-ден астам көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қайырымдылық қолдау көрсетілді. Наурыз мерекесі мұқтаждарға қамқорлық жасау мен бір-біріне қамқор болудың, қажет кезде көмек қолын созудың аса маңызды екенін есімізге салады. Бұл істе бізге меценаттар, қайырымдылық қорлары және басқа да жомарт пейілді азаматтар көмектесуде, - деді «Мейірімді Жетісу» волонтерлік фронт-офисінің басшысы Шырай Саматқызы. «Наурызнама» тұжырымдамасы аясында «Жанашыр жүрек» республикалық қайырымдылық акциясы Жетісу өңірінде де кеңінен атқарылуда. Қазіргі кезде акция аясында облыстың аудан-қалаларында жалпы саны 3 мыңнан астам отбасы қайырымдылық шараларымен қамтылып, оларға 33 млн. теңгенің көмегі көрсетілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мәселен, Көксу ауданында демеушілер 20 баланың балабақшаға төленетін бір жылдық төлемін жасап берді. Ал Қаратал ауданында азық-түлік көмегі ерекше қажеттіліктері бар

80 тұрғынға берілді. Қайырымдылық акциясына ауданның кәсіпкерлері мен осы игі іске бей-жай қарамайтын қарапайым тұрғындар белсене қатысты.

Қайырымдылық шараларынан өңірдің еріктілері де шет қалған жоқ. Мысалы, «Мейірімді Жетісу» еріктілер фронт-офисі қайырымдылық қорымен бірлесіп Талдықорғанда және қалаға жақын аудандарда аз қамтылған отбасыларға 100 дана азық-түлік себетін таратты.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне қарағанда, акция аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылары, көп балалы аналар, жетім балалар, мүгедектері бар азаматтар, көмекке мұқтаж зейнеткерлерге түрлі қайырымдылық көмектер жасалды. Аталған санаттағы азаматтарға азық-түлік себеттері, қыстық отын қоры, ұсақ мал, дәрі-дәрмек, қаржылай көмек, мерекелік сыйлықтар беріліп, ауызашарлар, концерттер ұйымдастырылды, мерекелік шараларда көпшілікке Наурыз көже, ыстық бауырсақ, құрт-ірімшік ұсынылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

57 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің негізгі басты бағыттарының бірі көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және де халыққа сапалы қызмет көрсетуді бақылау болып табылады.

Осыған орай, Департаментпен мемлекеттік қызметтер көрсету барысында заңдылықты сақталуының қамтамасыз ету мақсатында облыс көлеміндегі аудандардың және қалалардың білім бөлімдерімен, аудан, қала, ауыл мектептерімен және балабақшаларымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қашықтықтан байқау жүргізіліп, қызмет берушілер тарапынан бірқатар заң бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды.

Мәселен, Департаментпен Ақсу, Сарқан және Көксу аудандарының, Текелі және Талдықорған қалаларының білім бөлімдері, мектептері мен балабақшалары көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тәртібін бұза отырып, яғни қызмет алушылардың өтініштерін уақытылы тіркемеу түріндегі 57 факті анықталды.

Нәтижесінде, Департаментпен Жетісу облысы Білім басқармасына заңдылықтың бұзылуына әкеп соққан себептерді және оның салдарын жою туралы тиісті ұсыным енгізіліп, 57 қызмет алушылардың өтініштерін тіркеу арқылы құқықтары қалпына келтірілді.

Қ.МАНАП,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.



ЕГІС АЛҚАБЫ 510 МЫҢ ГЕКТАРДАН АСАДЫ

Өңірде көктемгі егіс жұмыстарына дайындық жалғасуда. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 510 мың гектардан асады, оның ішінде дөңді дақылдар 295,3 мың гектарды, майлы дақылдар 89,7 мың гектарды, қант қызылшасы 12,2 мың гектарды, картоп 6,8 мың гектарды, жемшөп дақылдары 97,3 мың гектарды құрайды.

Егіс науқанын сәтті өткізу үшін жаздық ауыл шаруашылығы дақылдарының 52,1 мың тонна тұқымы дайындалды. Тұқымдарды зертханалық тексеру жалғасуда. Қант қызылшасын себуге 17,4 мың тонна тұқым қажет, оның негізгі көлемін Көксу қант зауыты мен «Жетісу ӘКК» қамтамасыз етеді.

Өңірдің шаруашылықтарына 58,8 мың тонна минералды тыңайтқыш қажет болады.

Көктемгі егіс жұмыстарының қалыпты жүргізілуін қамтамасыз ету үшін шаруаларға 5,5 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінетін болады.

Егіс алқабына 20 414 бірлік техника жұмылдырылады, арнайы техниканың 99% - ы жұмыстардың басталуына дайындалып қойған.

«Кең дала-1» және «Кең дала-2» бағдарламалары аясында көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге 2025 жылы 3,7 млрд теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда «Аграрлық несие корпорациясына» 4,3 млрд теңге сомасына 170 өтінім келіп түсті, 2,5 млрд теңге сомасына 77 өтінім бойынша қаржыландыру бөлінді.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет ресурсы.

Құрылыс саласын дамыту басты міндет

Құрылыс саласын дамыту, құрылыс өнеркәсібі өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру бүгінгі өркениет заманындағы дамыған мемлекеттердің экономикалық және саяси міндеттерінің басты бағыттарының бірі саналады. Жалпы алғанда, құрылыс кешені ел экономикасына, оның ішінде тұрғындардың әлеуетінің артуына елеулі ықпал етеді.

Бүгінде өңірдің қай түкпіріне барсаңыз да жаңадан салынып жатқан нысандарды көресіз. Бұл деген сөз өңірдегі құрылыстың қарқын алып, жұмыстың жанданғанын көрсетеді.

Еліміздің экономикасы дамып, әлеуеті артқан сайын халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндігінше басымдық беріліп келеді. Мемлекеттік бағдарлама аясында құрылыс индустриясын дамытумен қатар, тұрғындарды қолжетімді пәтерлермен қамтамасыз етуге де барынша қолдау көрсету шаралары белгіленген. Осы бағытта белгіленген шараларға байланысты ауданда тұрғын үй құрылысы саласында біраз шаруалар атқарылмақ.

Ж. МҰҚАШЕВ,
Сарқан ауданының Құрметті азаматы.

Инвестиция ел игілігін еселейді

Ресми мәліметтер бойынша Тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде елімізге 330 млрд доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылған. Осы орайда Орталық Азияға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың 70 пайызы біздің елге тиесілі болып отыр.

Биылғы жылдың басында Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы өртараптандыру мәселесін көтерді. Мемлекет басшысының айтуынша былтыр өңдеу өнеркәсібі саласында 180 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Олардың жалпы құны – 1,3 триллион теңге.

"Соның нәтижесінде осы саладағы өсім 6 пайызға жуықтады. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Осы жақсы үрдісті біржола орнықтырып, сақтап қалу керек", - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекетіміздің инвестициялық тартымдылығы жоғары. Шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың біздің елге қаржы құюға құлшынып тұратыны да сондықтан. Түптеп келгенде мұндай қатынастардың үлкен сенімге құрылатыны белгілі.

С. САДЫҚОВ,
Сарқан ауданының Құрметті азаматы.



Наурыз Жыл санау

Жомарт ИГИМАН

Жыл қайыру – даналықтың жемісі,
Жыл қайыру – халқымның ой-өрісі.
Жыл қайыру есте қалған ескіден,
Тым әрде жатқаны анық желісі.
Біледі оны дәстүр-салтты тұтқан жан,
Біледі оны аңыз-мифті ұққан жан.
Ежелден ел молшылықты аңсаған,
Сондықтан жыл басталады Тышқаннан.
Төрт түлікпен шыққаны анық даңқымыз,
Бұзылмаған, айнымаған салтымыз.
«Ақ мол болсын!» дейтін



абзал тілекпен,
Сиыр жылын қастерлеген халқымыз.
Әпсана ғой жақындатқан алысты,
Жыл санаумен бала күннен таныспын.
Жайлы жылдың қатарына жатқызған,
Бағзы кезден байыпты елім Барысты.
Өмір деген бір өкініш, бір үміт,
Жыр туады өткенге көп үңіліп.
Қоян жылғы әңгімені қозғайтын,
Көнекөздер санамызға сіңіріп.
Жайсыз жылда жайлы өмір сүру мұң,
Ұлтымыздың ұлағатын ұғындым.
Халық үшін жұмсақ мінез танытса,
Ұмытпаймыз ізгілігін Ұлудың.
Аяр тілмен, айыр тілмен шаққасын,
Білді жылан қайманаға жақпасын.
Бұл жылдан да күтеріміз береке,
Жылан жылы жұртқа ызғар шашпасын.
Көз алдымда ескі күндер елесі,
Жадымда елдің асу-төбе, белесі.
Жылқы жылын қарсы аламыз қуанып,
Дейді қазақ: «Жылқы-түлік төресі».
Жылдан жылға қадам басып
жалтармай,
Өмір деген өте шығар байқалмай.

Мамыражай заман болғай Қой жылы,
Қой үстіне жұмыртқалап бозторғай.
Бүгінгі ұрпақ ие болған дайынға,
Өзіңді емес, елдің қамын уайымда.
Мешін жылы оралмасын «Тас мешін»,
Аллам бізді тоқшылықтан айырма.
Қазақ даңқы әлемде кең танылсын,
Жұлдыздай боп жансын көкте бағым
шын.

Ел басына түспесе екен ауыр сын,
Тауық жылы қауіп-қатер арылсын.
Қоныстанса шаңырағыма құт бүгін,
Беделдімін, қуаттымын, мықтымын.
Бірі жеті қазынамның ит еді,
Ит жылының көрген жоқпыз иттігін.
Қазақпынмен–болмысыммен, тіліммен,
Күнім нұрлы, түндігіміз түрілген.
Жыл санауды доғарамыз Доңызбен,
Тыныштықтың жылы дейтін ұғыммен.
Халқым қазына асыл сөздер тұмасы,
Аңыз болып, әпсана боп тұнасың.
Елім аман, жұртым тыныш болса егер,
Бұл жылдардың жоқ аласы, құласы...



Қазақ халқының тұрмыс- тіршілігінде, әдет- ғұрпында ерекше орын алатын мереке- Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байытуды, Наурыз мейрамын он күн тойлауды дәстүрге айналдырып, он күннің әрқайсысын бір мазмұнды шараға арнау тапсырылған болатын. Жалпы алғанда, Наурызды тойлау дәстүрінен көрініп тұрғандай, ол табиғаттың оянуының, оның жаңаруының, «өмірдің» (көктем, жылы) «өлімге» (қыс, суық) құратын салтанатының басталуы ретінде аталып өтетін. Яғни бұл мереке Құнарлылық пен Күнге табынуымен байланысты болды және тек ауылшаруашылық дақылдарына ғана емес, сонымен қатар мал шаруашылығына да қатысты болды. Сондықтан бұл күні қазақтардың «Мал-жан аман ба?» деп сәлемдесуі дәстүрге айналған.

Бір қызығы, бұл сәлемдесуде малдың әл-ауқаты бірінші орында тұр, өйткені төрт түлік аман болса, халықтың да жаны тыныш («Малы күйлінің жаны түгел болады»). Суық қыстан кейін кездескен туыстар құшақтасып (көрісу), соғымнан (қысқы қор) қалған ет сорпасына пісірілген «Наурыз көжеден» дәм татып, бір-бірін құттықтаған. Наурыз бата, наурыз өлең айтылып, бірі-біріне денсаулық, амандық, бақыт, малдың мол төлдеуін және т.б. тілеп жататын.

Қазақтарда Күнге табынуды көктемгі күн мен түннің теңелу күніне қараған түні Жерге келіп жылу мен жарық әкелетін Қызыр ата туралы мифологиялық түсініктер айғақтайды. Сондықтан бір күн бұрын, үйлерді аластап (отпен тазарту рәсімі), қоқыстан тазартып, барлық жамандықтан арылған («Көш, Қайрақан, көш!»). Адамдар түнімен ұйықтамай, дұға тілеп, Қыдыр атаны қарсы алған. Ал таңертең Жаңа күннің келуін жіберіп алмауға және оны қарсы алуға тырысқан.

А.ЕСЕРКЕЕВА,

Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия жетекшісі.

Әлімсақтан рамазан айында жарапазан айтылатын, жақсы тілек ақтарылатын. Ізгі лебізге періштелер әумин десетін. Ел іргесі тыныш болатын. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман туып, ұрпақ жалғасатын.



Мұхамет қиыметіне жарапазан

-Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен,
Саба көркі бие екен.
Сандық көркі түйе екен.
Әшекейлеп сырлаған
Ақ сарайдай үйі бар,
Ақ бөкендей қойы бар,
Қара сақал, керме иық,
Қандай байдың үйі екен?-деп сау-
ал сала келген ақын-жыршылар жөн-
жосығын үй иелеріне жеткізетін.

-Адыр-адыр таулардан
Айғыр мініп біз келдік...
Ауыздығы бой бермей,
Бай үйіне кез келдік.
Бұдыр-бұдыр таулардан
Бұқа мініп біз келдік.
Мұрындығы бой бермей,
Бай үйіне кез келдік.
Сол күні айтылар тілектің ең үлкені
«Кірсін дәулет, шықсын бейнет» деген ізгі
лебізге саяды.

-Айтамын, байлар, сізге жарапазан,
Молдалар ертең ерте айтар азан,
Айтқанға жарапазан қайыр берсең,
Барғанда ақыретке болмас жазаң.
Айтамын жарапазан қожақайлап.
Жылайды қожа-молда түбін ойлап,
Тірлікте қайыр-зекет бермеген жан,
Тұрады ақыретте тайдай тулап.
Айтқанмен жарапазан тойған бар ма,
Әдетін бұрынғының қойған бар ма?
Әдетін бұрынғының қойып кетіп,
Барғанда ақыретке оңған бар ма?
Айтамын, байлар, саған жарапазан,
Айыпқа бұйырмаңыз, есіткен жан,
Айтамын үмітпенен жарапазан,
Кәнеки, мырзалығың енді маған?
Айтамын жарапазан үйіңізге,
Ұстаған үй айнала шиіңізге.
Қой берсең, қозы берсең көпсінбеймін,

Келіпсіз биылғы жыл күйіңізге.
Ақ үйің айға қарап орда болсын,
Жиылып ұлы-қызың молда болсын.
Алғанда жау жағадан, бөрі етектен,
Пайдасы молдалықтың сонда болсын.
Айтамын үйіңізге жарапазан,
Алып шық жылдамырақ, жеңешежан!
Келгенде қайыр-зекет бере алмасаң,
Жібермес ақыретке менің назам!
Жарапазан айтамын мақтап қана.
Тұсыңа жетіп келдік ақтап қана.
Тұсыңа келгенімде, жатқан байлар,
Күтіп ал, мейманыңды мықтап қана.
Мінгенім астымдағы жирен дейді,
Намазды бес уақыт үйрен дейді.
Намазды бес уақыт үйренбесең,
Шынжырлап дұзаққа сап сүйрер дейді.
Бай үйіне берекет,
Қаша берсін бәлекет,
Кірсін дәулет есіктен,
Шықсын бейнет тесіктен!
Жарапазан жарықтық,
"Жақсы" дейді есіткен.
Үйің-үйің үй екен,
Үйдің іші ши екен.
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен.
Қарағай найза қаптаған,

Басына темір саптаған,
Сабы сырмен сырлатқан,
Ұшы болат қырлатқан,
Жауға білек сайлатқан,
Белдеуге бедеу байлатқан,
Қайсыбір байдың үйі екен?
Адыр-адыр таулардан
Айғыр мініп мен келдім.
Ауыздығы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім.
Бұжыр-бұжыр таулардан
Бұқа мініп мен келдім,
Мұрындығы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім.

Малдының, әлдінің үйіне келіп
айтылған жарапазан өтеусіз болмай-
ды. Ақынның сый-сияпаты өзгеше,
ат мінгізіледі, шапан жабылады.
Мүмкіндігінше үй иелері айтушының
көңілінен шығуға ұмтылады.

-Мінгені Пайғамбардың қара қасқа,
Жанында мүсір қылыш, бауы басқа.
Ашуланып шабады қара тасқа,
Қара тас қақ айырылар екі басқа.
Мінгені Пайғамбардың кер деймісің,
Аққаны кекілінен тер деймісің?
Оразаң былтыр кеткен биыл келді,
Пітірін жылдамырақ бермеймісің?

Ораза жыл он екі ай бір-ақ келер,
Баласын мұсылманның жинап келер.
Айтқанға жарапазан жылқы берсе,
Ғарасат майданында пырақ берер.
Дегенге жарапазан, жарапазан!
Келеді таудан құлап жарық қазан.
Белдеуден оны кемпір ұстап қалар,
Алып шық жылдамырақ, жеңешежан!
Астымдағы тана-ды,
Жатайын деп барады.
Құдайдың күні еңкейіп,
Батайын деп барады.
Қасымдағы бала еді,
Қайтайын деп барады.
Ассалаумағалейкум, жатқан байлар!
Қоңыр қой, қора толып жатқан байлар!
Ол қойды ел көшкенде кімің айдар?
Өгізбен қоңыр шолақ құлың айдар.
Ассалаумағалейкум, ақтан келдік,
Ауылы арғын-найман жақтан келдік.
Жарапазан айтумен үміт қылып,
Балалардың азығы жоқтан келдік.
Бәйбіше айтады:

"Боқшадан жаулық бер", - деп,
Бай айтады:

"Қорадан саулық бер", - деп.
Байдың берген саулығын өңгерелік,
Бәйбішенің жаулығын тең бөлелік.
Аяқ-табақ сылдырап,
Құрт бергелі жатыр ма?
Аузы-басы жылтырап,
Май бергелі жатыр ма?
Сары аяққа салып бер,
Сары майға малып бер,
Қыздар берме, өзің бер,
Қыздың қолы сұғанақ,
Жеп қойды ғой бағана-ақ...
Шаңырағы осы үйдің шап-шақ қана,
Осы үйдегі жеңешем аппақ қана.
Сақылығым көрген соң ырза болып,
Жеңешемді жүремің мақтап қана!
Жарапазан айта келдім есігіңе,
Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе!
Қошқардай қос ұл берсе бесігіңе,
Жауға шауып, батыр болсын несібеңе.
Әзілмен әрленіп, ақ пейілмен
ажарланған осындай ақ тілек қалың көптің
көңілін көтеріп, бір серпілтіп тастайды.
Ұлыстың Ұлы күнімен орайлас келген
Рамазан айындағы жақсы тілек, ізгі ниет
қабыл болсын!

Өз тілшіміз.

• Келбет



Асыл адам айнымас

Өмір өткелдерінен ширақ өтіп, жауапкершілік жүгін шалдықпай көтеріп, абырой асқарынан төмендемеген ақсақалдарымыз аз емес. Солардың арасында бостекі сөзге әуестігі шамалы, тура айтып күлбілтелеуді білмейтін, сырт көзге қатал көрінгенімен ар жағында зілі жоқ Нафиық Еспембетұлы Ахметовты айналасындағылар адалдығы үшін құрмет тұтады.

институтына сырттай оқуға түсіп, бір жылдан соң жүрек қалауымен Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтына түсуге бақ сынады. Жас жігіттің талабы оңғарылып, осы оқу орнын 1968 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп келгенде басшылықтың бірден жауапты қызмет ұсынуы елтеңселтені жоқ азаматтың ертеңіне деген сенімнен туындаған болар. Нафиық Ахметовтың институттан соң «Путь Ильича» колхозының бас инженерлігі қызметін дөңгелетіп өткені көпшілікке мәлім. Бас инженердің жыл он екі ай таусылмайтын шаруашылықтың қат-қабат ауқымды жұмыстарының бел ортасынан табылып, көп сенімінен шыға білген жігіт санаулы жылдар ішінде партияға өтеді. 1975 жылы сол өзі еңбек жолын бастаған ұжымдық шаруашылықтың партия ұйымының хатшылығына сайланады.

-Есепте тұратын партия мүшелерінің барлығы дерлік аға буын өкілдері. Сұрапыл соғысты бастан өткерген майдангерлер ақиқаттан айнымайды, шындықты шырылдатып айтады,-дейді Нафиық аға парторг болған жылдарын есіне алып. -Сондықтан колхоздың партия ұйымы өте беделді болды. Басқармаға өз пікірімізді өткізе білетінбіз.

1978 жылы отыздың ауылы-

нан әлі еркін алыстай қоймаған азаматқа аудан басшылығы тағы да үлкен жауапкершілік жүктейді, Нәкең Сарқанның орталығындағы «Красный Октябрь» совхозының директорлығына тағайындалады.

Сарқан қаласының аумағында кеңес кезеңінде ірі шаруашылық болған. 1961 жылы Үкімет қаулысы бойынша Куйбышев атындағы, "Красный партизан", "Пролетария" колхоздары қосылып, "Красный октябрь" совхозы құрылған болатын. 1978 жылдан он үш жыл бойы осы совхоздың тізгінін Ахметов Нафиық Еспембетұлы ұстады.

- Кеңшардың мүмкіндігін пайдаланып, аудан орталығын абаттандыруға үлес қосқан болатынбыз. Қазіргі Ақын Сара атындағы орта мектептің ғимаратын, бүгінгі таңда "ТурКа" ЖШС отырған тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының ғимаратын біздің шаруашылық салған,-дейді әңгіме арасында Нафиық аға.

Лауазым, кресло Нафиық Еспембетұлының туа бітті болмысын өзгерте алмады, барды бар, жоқты жоқ деп айта алатын мінезін кертартпалыққа, бірезулікке санағандар да болды. Бірақ тапсырылған істі орындауға деген жанкештілігі, қарауындағыларға талап қоюмен қатар жағдай жасай білетін жанашырлығы

көпшілікпен тіл табысып жұмыс істеуіне жол ашты. Орталықта тұрған соң келімді-кетімді комиссияның назарына бірден ілігетін үлкен шаруашылықтың мұқамалын шашау шығармай ұстаумен қатар, басты салаларының өнімдерін ұлғайта білген кеңшар жетекшісінің жұлдызы жанған тұс еді ол.

- Қарап отырсам бүкіл саналы ғұмырым өзім туып-өскен Сарқан ауданында өтіпті, - дейді Нафиық ағамыз өзі туралы әңгімеге кезек келгенде. - Өзгерген қоғаммен бірге әр түрлі саланың тізгінін ұстадым. «Мынау олқы соғып тұр» - деп қызмет таңдаған жоқпын, қай жерде жүрсе де сенім үдесінен шығуға ұмтылдым.

Расында да, бағамдап қарасаңыз бұл кісінің атқарған қызметі сан алуан: 1991-1993 жылдары сыра зауытын басқарды, 1993-1995 жылдары экология және биоресурстар басқармасына басшылық жасады, 1995-1997 жылдары «Бірлік» өндірістік кооперативіне төрағалық етті, одан соң еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімінде еңбек жөніндегі инспектор қызметінде өзін сынап көрді. Аудандық зейнетақы төлеу орталығына жетекшілік жасады.

Нафиық ағамыздың зайыбы Зәбида Жәлелқызы ардагер мұғалім, отбасында екеуі қызы Эльмирадан көрген немерелерінің қызығына қана алмай ынтымақты ғұмыр кешуде.

Бірнеше мемлекеттік марапаттардың иегері, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Нафиық ағамыз сексенге сергек қалпында жетті. Ең бастысы өткені өнегелі, ешкім де кезінде қия басып едің деп сын таға алмайды. Үлкендермен дидарласса да, қатарластарымен қауышса да, жұртшылықпен жүздесе де жүзі жарқын, сөзі өтімді. Адалдықтан айнымаудың артықшылығы да осында.

Ж.МАҚАТҰЛЫ.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Өңіріміздегі кәсіпкерлер туралы сөз қозғағанда ойға еріксізден ұлтымыздың біртуар тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлының «Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген даналығы оралады. Соңғы жылдары ауданымызда нарықтың назарын аңдып, соған сай қарекет жасап жүрген жандар көбейді.



НЕСІБЕСІН НАННАН ТАПҚАН

Сұранысқа сай кәсіп түрін таңдап, несібесін маңдай терімен тауып жүрген сондай жандардың бірі Алмалы ауылындағы Қаракөзова Шолпан Серікқызы. Ағымдағы жылы өзі қалаған наубайхана ісіне бел шеше кіріскен аталмыш кәсіпкер үкіметтің қайтарымсыз грантына қол жеткізеді. Қаражатқа 3 қабатты тоқ пеш, қамыр илейтін құрылғы, нан салатын қалыптар сынды қажетті құрал-жабдықтар сатып алып, 8 жылдық тәжірибесі бар іске білек сыбана кіріседі. Қазіргі таңда дәмі тіл үйіретін 100 дана нанды ауылдағы 2 сауда нүктелеріне жеткізіп, халықтың алғысын алып отыр. Наннан бөлек таба нан, батон сияқты нан өнімдерін де қолға алған кәсіпкер тапсырыспен тәтті тоқаш та пісіреді.

-Келешекте қосымша жұмысшы алып, кәсібімді кеңейту жоспарда бар. Сондай-ақ газбен жұмыс жасайтын пеш қолайлы екен. Өйткені электр қуатымен жұмыс жасайтын пеш тоқ көзіне тәуелді. Ал өздеріңізде білесіздер жарық қолайсыз ауа-райында жиі өшеді, -дейді Шолпан Серікқызы. Ас атасына деген сұраныс жақсы. Ауылымызда наубайхана жоқ болғандықтан дүкендерден тапсырыс жақсы түседі. Сауда нүктелерінен бөлек тұтынушылар үй жанындағы өзіміздің дүкеннен де келіп алып кетеді.

Бүгінгі күні кәсіпкер - ана жолдасы Дәулет екеуі 4 баланы тәрбиелеп отыр. Алды 11-ші сыныпты, кішісі бастауышты аяқтайтын балалары да ата-аналарының қолғанаты болып, еңбекке араласып жүр. Саннан көрі сапаға айрықша назар аударып, несібемді адалынан тапсам деп еңбектеніп жүрген Шолпан Серікқызы -Дәмнің үлкені - нанға сұраныс қашан да бар. Бірақ үнемі сұранысқа ие болып, талғампаз көптің көңілінен шығу оңай шаруа емес. Ақ ұннан нанға айналғанға дейінгі үрдісті өзім қатаң қадағалап, сапасы мен көлеміне көп көңіл бөлемін. Сол себепті пісірген өнімдерім тез өтеді. Басты мақсатым тұтынушылардың көңілінен шығу. Кәсіпке адалдық керек,- дейді.

П.ЖЕҢІСХАН.



Наурыз - елді біріктіретін, өкпе-назды ұмыттыратын, сыйластықты арттыратын үлкен мереке. Тіліне, ұлтына қарамастан

Қазақстандағы барлық ұлыстардың үлкен мерекесі. Солардың бірі қазақ халқымен бірге етене жасасып келе жатқан орыс ұлты. Сарқан қаласының тұрғыны Сергей Паньшиннің ұлты орыс болса да отбасымен қазақы салт-дәстүрлерді ұстанады.

Ол өзін қазақ деп таниды

Сергей Сергейұлы Паньшин Сарқан қаласында 15 шілде 1986 жылы дүниеге келген. Бала кезінен қазақ балаларымен ойнаған оның тілі қазақша шыққан. Сарқан қаласындағы № 1 мектеп-гимназияны бітірген Сергей қазіргі уақытта жол саласындағы "UNEX STROY" ұйымында үлкен көліктерді жүргізуші. Әрі техника болғаннан кейін бұзылған жерлерін жасап тұрады. Отбасылы, 3 баласы бар. Үлкен екі баласы орта оқу орнында білім салса, ең кенжесі бастауыш сыныпта. Әйелі-Валентина Сарқан Су құбыры мекемесінде қызмет етеді. Өке-шешесі Сарқан қаласындағы бұрынғы «Красный Октябрь» совхозында еңбек етіп, қазіргі уақытта еңбектерінің зейнетін көруде. Нағашы атасының ұлты қазақ. Сондықтан отбасында барлығы қазақша емір-еркін сөйлейді. Кейіпкердің өзі туған-туыстарымен, жолдастарымен бірге Наурыз мейрамын бірге тойлайды. Сергейдің өз отбасында қазақи ұлттық дәстүрлер сақталынып тұрады. Ол өзін қазақ деп таниды. Барлық қазақ, мұсылман халқын Наурыз мейрамымен құттықтай отырып, елімізге береке-бірлік, ашық аспан тілейді!



Наурыз мейрамын еліміздегі өзге ұлттың өкілдері де өзіндік сән салтанатпен атап өтуде. Олар да бұл мерекені асыға күтеді. Қазақ жерінен тұрақ тапқан басқа этнос өкілдері көнеден келе жатқан салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын жаңғыртып, атадан балаға құнды мұраны паш етіп жүр.

Самарқанның көк тасы еріген күн деп саналатын мерекені тойлайтын ұлт пен ұлыстың тағамдары әртүрлі болғанымен, берекелі дастархан басында айтатын тілегі - бір. Ол - ел амандығы, жұрт тыныштығы, ел іргесінің бекем болуы.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Ерекше дауыс иесі

Табиғаты ән салдырған, саф ауасы тамсандырған Сарқан өңірі мәдениет, өнер, спорт саласының майталмандарынан, қоғам және мемлекет қайраткерлерінен кенде болмаған. Талай дүлдүлдерді тудырған киелі топырақта қазақ сахнасының бұлбұлы Сара Өрдембайқызы Тыныштығұлова да дүние есігін ашқан. Дәлірек айтсақ 1942 жылы 1 қаңтарда қазіргі Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Бөрлітөбе ауылында туған әнші өзі туралы сөз қозғағанда «Лепсінің құмынан шығып, Мұқан Төлебаев, Еркеғали Рахмадиев білім алған мектепте оқыдым. Мәскеудегі эстрада студиясын, Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірдім. Жамал апайға шәкірт болып, үйінде тұрдым. Филармонияның көркемдік жетекшісі Еркеғали Рахмадиев «Жер жаннаты Жетісудің, Лепсінің қыздары осындай талантты болады», - деп, филармонияға жұмысқа алған болатын» дейтін.

Қазақ КСР Халық артисі, Қазақ КСР Еңбек сіңірген артисі, Алматы облысының Құрметті азаматы, Парасат орденінің иегері Сара Өрдембайқызын бір кездері ел «қазақтың Эдит Пиаф» деп атайтын. Ол шақта Кеңестік

мәдениет министрлігі әншіні ел атынан шетелге жиі жіберетін. Өнерім өмірім деп білген жерлесіміз гастрольдік сапармен Венгрияда, Германияда, Моңғолияда, Польшада, Бирма, Малайзия, Сингапур, Шри Ланка, Сирия және Ауғанстанда өнер көрсетіп, Кеңес үкіметінің оның ішінде қазақ елінің атын аспандатты. Бұдан бөлек ерекше дауыс иесі республикамыздың түкпір түкпірін аралап, малшы, егінші қауымдарды рухани серпілтіп, еліне қалтқысыз қызмет жасады.

Сара Тыныштығұлованың репертуарынан қазақтың халық әндері ("Ауылың сенің іргелі", "Ақ дариға") мен осы заман композиторларының Н.Тілендиевтің "Алатауы", Ш.Қалдаяқовтың "Шынарым", Е.Хасанғалиевтің "Аңсағаным", және шет ел халықтарының (түрік, вьетнам, т.б.) әндері орын алды.

«Менің күш-қайратым әнімде, халқымда. Көрермендеріміз бай, бақуатты тірлік кешсе, бейбітшілік баянды болса біз де бақытты әнші боламыз» дейтін талантты, күміс көмей әншінің дауысы «контральто» дауыс. Бұл, «тенор» сияқты, әйелдердің ең төменгі дауысы. Әнді айтқан кезде қомақты диапазонға жеткізе алатындығымен



ерекшеленетін.

Жарты ғасырдан аса ғұмырын «Қазақконцерт» сахнасында өткізген ҚР Халық әртісі, ерекше дауыс иесі Сара Тыныштығұлова әрқашан жерлестерінің мақтанышы болып қала береді.

С. ЕРЖАНОВ,
Сарқан ауданы тарихы музейінің қор сақтаушысы.

Би – баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін өнердің ерекше түрі. Балабақшадағы би үйірмесі тек дене белсенділігін ғана арттырып қоймай, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эмоциялық көңіл-күйін жақсартуға және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Бидің бала дамуына тигізетін әсері 1.Физикалық даму. Би – дене қимылын үйлестіруді жақсартатын, икемділік пен төзімділікті арттыратын тамаша жаттығу. Кішкентай жастағы балалар үшін қозғалыс белсенділігі аса маңызды, өйткені ол сүйек пен бұлшықет жүйесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді.

2.Эмоционалдық және психологиялық даму. Би арқылы балалар өз эмоцияларын еркін жеткізіп, өз-өзіне сенімді болуды үйренеді. Әуеннің ырғағына сай қимыл жасау оларды тыныштандырып, көңіл-күйін көтереді.

3.Шығармашылық қабілетті дамыту. Би – өзін-өзі көрсету мен қиялды дамытудың ең жақсы тәсілдерінің бірі. Өртүрлі билерді үйрену арқылы бала қимылдың, ырғағының және көркемдік мәнердің өртүрлілігін сезіне бастайды.

4.Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Би үйірмесінде балалар бірге жұмыс істеуді, топпен қимылдауды және ұжымдық жауапкершілікті түсінеді. Бұл олардың қарым-қатынас дағдыларын нығайтуға көмектеседі.

5.Тәрбиелік мәні. Би – мәдениетті,



Би үйірмесінің бала өміріне маңызы

әдептілік пен тәртіпті қалыптастыратын өнер. Ұлттық және заманауи билерді меңгеру арқылы балалар өз халқының мәдениетін құрметтеуді, дәстүрлерге баулуды үйренеді.

Қорытынды. Балабақшадағы би үйірмесі – сонымен қатар баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды құрал. Ол балалардың физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын жетілдіріп, олардың өмірге деген оң

көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі. Сондықтан би сабақтарын балабақша бағдарламасына енгізу – болашақ ұрпақтың салауатты әрі шығармашыл тұлға болып қалыптасуына үлкен үлес қосады.

Ш.ТОЙШИБЕКОВА,
"Балдырған" бөбекжай-бақшасының би жетекшісі.

БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ДАМУ



Балалардың денсаулығымықты болу үшін қимыл-қозғалыс белсенділігінің дамуын кейінге қалдырмаңыздар! Қимыл-қозғалыс ойындары балалар

үшін маңызды іс. Қандай да ойын болса да ол негізгі мақсатқа жұмсалуды керек. Өйткені ойын баланы дамытады.

Ойын адам жолының ынтымағымен

бірге оның бойындағы көптеген қасиеттерді ұштап, білім дәнін бойға білдіртпей дарытады. Ойындардың қай-қайсысы болса да төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, шапшаңдықты тағы басқа толып жатқан қасиеттерді талап етеді. Баланың денесі ұзақ уақыт қимылсыз отырғандықтан әлсірейді. Балалар қозғалыста үнемі жүргенді ұнатады. Сол себепті Сіздерге үй жағдайында балаларыңызбен бірге ойналатын қимыл-қозғалыс ойындарды ойнауға кеңес беремін.

Балалардың денсаулығы сіздің және біздің ең жауапты міндетіміз екенін естен шығармайық!

З.КАРКЕТЕРОВА,
"Балдырған" бөбекжай-бақшасының дене тәрбиесінің нұсқаушысы.

Ата-ананың бала тәрбиесіндегі алатын орны

Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады.

Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Тәлім-тәрбиелік жарасымдылық мектеп пен ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады.

Халық «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Жас шыбық қалай иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға мәлім. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман едетімдінің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді.

Бүгінгі ұрпақ – еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз – қазіргі қоғам талабына сай жан-жақты, жарасымды тұлға өсіру. Жеке тұлғаның өзін қоршаған ортадан тәрбиені бойына сіңіріп өсуін, өсімдіктің күн сәулесі арқылы өскені сияқты қарастыруымызға болады. Күн сәулесі өсімдік тіршілігіне қандай қажет болса, тәрбие тұлғаның дұрыс өсіп жетілуіне соншалықты қажет. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өсіреді. Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы жақсы мен жаманды ажырата білуі өзін қошаған ортасына, мұғаліміне, ата-анасына, құрбы-құрдастарына, олардың іс-әрекеттеріне және де басқа да қасиеттеріне байланысты.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау - ата-ананың басты парызы болып табылады. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала - әр жанұяның бақыты.

Г.АХМЕДЖАНОВА,
"Құлыншақ" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі.

Присвоение и подтверждение уровня квалификации работникам здравоохранения

В соответствии с приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 20 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-283/2020 «Об утверждении правил подтверждения результатов непрерывного профессионального развития, присвоения и подтверждения уровня квалификации работников здравоохранения» (далее – Правила) вводится система присвоения и подтверждения уровней квалификации работников здравоохранения. Для этого они должны набирать минимум 210 зачетных единиц (ЗЕ) по мероприятиям непрерывного профессионального развития (НПР). Также им будет необходимо предоставить заключение от ННЦЭ с положительными результатами оценки знаний и навыков.

Медработники, чьи сертификаты истекли, смогут претендовать на соответствующие квалификационные категории в зависимости от её срока. Так, если квалификационная категория истекла до 2021 года, то квалификация не сохраняется, если же с 5 января 2021 года по 2024 год – специалист имеет право претендовать на ранее полученный эквивалентный уровень квалификации. Медработники, не имеющие категорий, будут иметь право претендовать на вторую квалификационную категорию при условии выполнения требований НПР.

На сегодня, присвоение и (или) подтверждение уровня квалификации, согласно Отраслевой рамке квалификаций сферы «Здравоохранение» осуществляется на основании результатов оценки знаний и навыков, выданной аккредитованной организацией по оценке согласно Правил.

В Отраслевой рамке квалификации предусмотрены следующие уровни квалификации в зависимости от уровня образования и выполняемых функций:

- СМР, окончившие техническое и профессиональное образование - 4.0. (без категории), 4.1. (вторая), 4.2. (первая), 4.3. (высшая);

- СМР (прикладной бакалавриат) - 5.0, 5.1, 5.2, 5.3;

- СМР (академический бакалавриат) - 6.0, 6.1, 6.2, 6.3;

- врачи - послевузовское образование (магистратура на основе освоенной программы бакалавриата) и (или) практический опыт работы; или высшее базовое медицинское образование (интернатура) и (или) непрерывное интегрированное медицинское образование - 7.0 (I);

- врачи - послевузовское образование (резидентура) сертификационный курс (для специализации*) - 7.1 (R);

Начальные уровни квалификации 4.0, 5.0, 6.0, 7.0 (I), 7.1 (R) присваиваются выпускникам организаций образования и научных организаций в области здравоохранения в соответствии с ОРК в сфере здравоохранения согласно приложению 4 к настоящим Правилам.

Уровень квалификации по специализации присваивается в рамках основной специальности, согласно приказу Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 ноября 2020 года № ҚР ДСМ-218/2020 "Об утверждении перечня специальностей и специализаций, подлежащих сертификации специалистов в области здравоохранения".

На первом этапе подтверждение НПР работника проводится службой управления персоналом и руководителем организации здравоохранения.

Далее специалист проходит в Национальном центре независимой экзаменации тестирование по профилю, после чего выносятся заключение (результат оценки знаний и навы-

ков).

Медицинские работники, имеющие свидетельства о присвоении категории со сроком действия с 01.01.2021 года до 2024 года, подают заявку на присвоение уровня квалификации эквивалентной категории с прохождением оценки знаний и навыков, приложением подтверждающих документов НПР (заверенных службой управления персоналом и руководителем медицинской организации) в количестве 210 ЗЕ (для высшей категории - 60/60/90, для первой категории - 120/50/40, второй категории - 150/50/10).

Медицинские работники, имеющие свидетельства о присвоении категории со сроком действия до 01.01.2021 года, подают заявку на присвоение уровня квалификации с прохождением оценки знаний и навыков, приложением подтверждающих документов НПР (заверенных службой управления персоналом и руководителем медицинской организации) в количестве 210 ЗЕ (второй категории - 150/50/10), то есть могут претендовать на уровень, эквивалентный второй квалификационной категории, так как не воспользовались возможностью продлить сроки действия свидетельств.

Медицинские работники, не имеющие категорий, будут иметь право претендовать на вторую квалификационную категорию при условии выполнения требований НПР.

Для получения нового уровня квалификации медицинский работник проходит последовательно следующие этапы:

1) мероприятия непрерывного профессионального развития - дополнительное, неформальное образование и дополнительные

компетенции. Непрерывное развитие медицинского работника для соответствующего уровня квалификации подтверждает руководитель организации, где работает медицинский работник.

2) получение заключения в аккредитованной организации по оценке знаний и навыков – «Национальный центр независимой экзаменации».

3) направление заявки с документами в территориальный департамент Комитета медицинского и фармацевтического контроля МЗ РК в рамках сертификации посредством портала «e-license».

Подтверждение, имеющегося сертификата специалиста и уровня квалификации, проводится каждые 5 лет. При подтверждении своего уровня специалисту необходимо лишь непрерывное профессиональное развитие (тестирование не предусмотрено).

Для сведения услугополучателей: Согласно статьи 432 КоАП РК - предоставление заведомо ложных сведений и информации при получении разрешительных документов на занятие медицинской, фармацевтической деятельностью, в том числе путем фальсификации документов, если это действие не содержит признаков уголовно наказуемого деяния, – влечет штраф на физических лиц в размере десяти, на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства – в размере пятнадцати, на субъектов среднего предпринимательства – в размере двадцати, на субъектов крупного предпринимательства – в размере тридцати месячных расчетных показателей.

По имеющимся вопросам обращаться в РГУ Департамент Комитета медицинского и фармацевтического контроля МЗ РК по области Жетісу» по адресу: г.Талдықорған, ул. Гаухар ана, здание 87 А или по тел: 8(7282)24-11-76.

ӘДЕП КОДЕКСІН САҚТАУ- МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Қазіргі уақытта кәсіби білімнің болуы, іскерлік қасиеттер міндетті, бірақ кез-келген дәрежедегі немесе деңгейдегі лауазымды тұлғаға қойылатын жалғыз талап емес. Мемлекеттік қызметкерлер үшін белгіленген этикалық басымдықтарға тікелей байланысты. Тәртіптік, адалдық, материалдық ресурстарды үнемдеу (бұл ұтымды), әдептілік жата-тын этикалық қағидаттарды сақтамау мемлекет пен оның субъектілерінің үлкен экономикалық шығындарына, мемлекеттік аппарат пен мемлекеттік қызметшілер беделінің төмендеуіне алып келеді, сондай-ақ халықтық толқулар мен наразылықтарға алып келуі мүмкін. Демек, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын этикалық талаптар маңызды, тіпті мемлекет қызметінің іргелі негізі деп айтуға болады. Этика ұғымы ежелгі грек ethos (этос) сөзінен алынған. Бастапқыда этос бірге тұратын жер деп түсінілді. Содан кейін бұл тұжырымдаманың мағынасы өзгерді және бірте-бірте ол адамның әлеуметтік шеңберімен байланысты кейіпкерді көрсете бастады. Аристотель адамның ізгіліктерін білдіру үшін «этикалық» ұғымын ғылыми айналымға енгізеді, ал этикалық ізгіліктерді зерттейтін ғылымды «Этика» деп атады. Қазіргі заманауи жағдайында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі тұжырымдамалық нормативтік құқықтық акт болып табылады, онда қызметкерлердің қызметтік мінез-құлқына қойылатын негізгі талаптар айқындалады.

Осыған орай мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша кеңестік көмек көрсетіледі.

М.НҮСІПБЕКОВА,
Амангелді ауылдық округінің жетекші маманы.

Аудан әкімдігінің қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-тарауына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Бақалы ауылының тұрғыны Хасанали Нусипович Хусайновтың шаруа қожалығын жүргізу үшін, Бақалы ауылдық округінде орналасқан ауданның жер қоры жерлерінен жалпы көлемі 78,0 га оның ішінде 35 га тәлім егістік 43 га шабындық жер учаскесінің көпшілік пайдаланатын жайылымдарға халық мұқтажын қанағаттандыруға байланысты мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні осы қаулы ресми жарияланған күнінен үш айдан ерте болмауға тиіс.

3. Келісім рәсімдері мына мекен жай бойынша: Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 111 үй, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімімен жүргізілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қалиасқаровқа жүктелсін.

Аудан әкімі **Ғ. Маманбаев.**

Сарқан ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 11 наурыздағы № 74 қаулысы.

Екі өндіріп алушыға қатысты алимент өндіру мәселесі

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 24.12.2024 ж. №58-НҚ нормативтік қаулысымен, алимент төлеушіден екі өндіріп алушыға (тиісінше бір және үш баласына) қатысты алимент төлеуші болып табылған кезде алимент мөлшерін азайту тұрғысындағы мәселе қарастырылды.

Конституциялық соттың бұл қаулысымен, қолданыстағы заңнама талаптары, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылған.

Яғни, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сай, екі өндіріп алушыға қатысты алимент төлеу кезінде ата-ананың материалдық немесе отбасылық жағдайын ескере келе, борышкердің 50 пайыз табысынан артық алимент өндірілмеуі қажет.

Сарқан ауданының прокуратурасы.

Әр азаматтың басты парызы

Қазіргі таңда қоғам алдындағы өзекті мәселелердің бірі - сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Алайда, халық парақорлық дертімен жиі кездеседі. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Қоғамдағы көкейкесті мәселе болып, өзек жарды проблемаға айналып отырған сыбайлас жемқорлық - ел ішіне білінбей кірген індет, жау. Ал біздің осы жауға қарсы қолданар қаруымыз - қоғам. «Қоғам - өмірдің айнасы» дейміз. Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондықтан да қоғам қарсы болса, жай емес, түгел қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз. Бұл індетті жою бәріміздің міндетіміз. Жемқорлық қоғамға ғана залалын тигізіп қоймайды. Өркениетті дамытқысы келетін, ортасын құрметтейтін әр азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі. Ол әр азаматтың басты парызы.

Ғ. ТАЙМЕНКЕНОВА,
Сарқан аудандық статистика басқармасының жетекші маманы.



АУДАН АРДАГЕРЛЕРІ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Биылғы жыл айтулы мерекелерге толы жыл. Сондай атаулы мерейтойлардың бірі – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай жуырда Талдықорған қаласында шахматтан облыстық турнир өтті. Жетісу облыстық Ардагерлер ұйымы мұрындық болған ойлылар ойынына Сарқан ауданынан барған ардагерлер кіл мықтылардың ішінен үздік атанып, жүлделі орындарды иемденіп қайтты. Атап айтқанда Болат Қомашбаев жүлделі II орын иегері атанып, 40 мың теңгеге ие болса, тағы бір ардагеріміз Дәуренбек Уанов тұғырдың бесінші орнынан көрініп, 15 мың теңгеге қол жеткізді. Жетісу облысының әр ауданынан іріктелген 54 үміткердің ішінен оза шауып, бәйге алу оңай болмағандығы айдан анық. Ұйымдастырушылар тарапынан жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен медалдар табыс етілді.

Аудан абыройын биік ұстап, үнемі бәсі биік бәсекелерде жеңіске жетіп жүрген ардагерлеріміздің мұндай толағай табыстарын, жарқын жетістіктерін орынды атап өткеніміз жөн.

Ә.ЕРБОЛАЕВ,

Сарқан қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың назарына!

Аудан әкімінің мүгедектігі бар адамдардың мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі **Садықов Еркін Чайзадаұлы**. Байланыс телефоны **87478325174**.



Электрондық пошта: Sadykov_yerkin@mail.ru

2025 жылдың 4 наурызынан Сарқан ауданы әкімінің № 13-ө өкімімен аудан әкімінің мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі болып бекітілді. Жұмыс орны Тәуелсіздік көшесі 117 мекен жайында орналасқан ғимараттың 2 қабаты.

Садықов Еркін Чайзадович - внештатный советник акима Сарканского района по вопросам лиц с инвалидностью. Контактный телефон **87478325174**. Электронная почта: Sadykov_yerkin@mail.ru.

С 4 марта 2025 года распоряжением акима Сарканского района №13-ө утверждён в качестве внештатного советника акима Сарканского района по вопросам лиц с инвалидностью. Место работы находится на 2 этаже здания, расположенного по адресу улица Тәуелсіздік, 117.

Хабарландыру/Объявление

► **Барабанчиков Максим Викторовичтің** атына 06.10.2022 жылы Жетісу облыстық Полиция Департаментінен берілген № VA000599 нөмірлі жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Жекеше нотариус **Алиева Асем Избасаровна** тарапынан **Саржанов Валерий Касымовичтің** атына мұрагерлік іс ашылғаны туралы хабарлаймыз.

► Открылось наследство после смерти **гр. Жумагалиевой Назгуль Ербосыновны**, умершего 07 марта 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу **Ерболаеву А.А.**, область Жетісу, Сарканский район, город Сарқан, улица Тәуелсіздік, дом №100, квартира № 16. Тел.+7778 658 98 48.

Сарқан аудандық әкімдігі, аудандық мәслихат, аудандық ардагерлер кеңесі Сарқан ауданының Құрметті азаматы **Мырзахан Қабасовқа ұлы Шыңғыстың**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасының орны толмас ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

Сен туған күн, мерекеліен!

Жер бетіне жылылық, мейірім алып келетін, шуағын төгетін науан наурыз айының 25-інші жұлдызы күні дүние есігін ашқан ардақты ардагеріміз **Ахметов Нафиық Еспембетұлы** 80 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Адами болмысы, табиғаты өзі өмірге келген ай іспетті осынау жанға мерейтойында жан жадыратар жақсылықтар, мықты денсаулық, отбасылық қуаныш тілеймін. Сексеннің сеңгіріне секірген ағамызға дүниедегі бар жақсылықты тілей келе, амандық болсын, жамандық болмасын, арамызда аман-есен жүре беріңіз дегім келеді. Немере-шөберелеріңіздің есейгенін көріп, олардың үйлену тойларына қатысып, терінде дәл қазіргідей қуанып отыра беріңіз! Өңіріміздің абыройлы азаматы, кейінгі толқынға айтары бар асылымызға мына бір өлең жолдарын арнаймын!

Қиясына өмірдің өрлеп көрді,
Ел-жұрты үшін ерінбей еңбектенді.
Ортамызда ақылшы Нафиық ағамыз,
Сеңгіріне сексеннің сергек келді.

Еркелетіп немере, шөбересін,
Кәрілікті ағамыз елемесін.
Мерейтоймен аға, құттықтаймын,
Тіршіліктің қызығын көре берсін.

Өзіңізге деген ізгі тілекпен: **Ләйлә Ербосынова, әлеуметтік қызметкер.**



Наурыз Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!



Наурыз мейрамы ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурыз - барша мұсылман әлемі тойлайтын ұлы мереке, Ұлыстың ұлы күні.

Бұл күні күн мен түн теңеледі. Осы күннен бастап күн жылына бастайды және күн ұзарып, түн болса керісінше қысқара бастайды. Бұл мерекені бүкіл ауыл болып дайындалып, үлкен той қылып тойлайды. Қазірдің өзінде Наурыз мейрамының орны ерекше. Бұл күні ұлттық тағам ет асылып, бауырсақ пен шеппек пісіріледі. Бірақ бұл күні ең басты тағам Наурыз көже болып саналады. Ол – жеті түрлі тағамнан дайындалатын көже.

Сондықтан да «Сарқанирригация» су шаруашылығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Наурыз мерекесін айрықша бағалап, 14 – наурыз көрісу күнінен бастап бір-біріне жақсы тілек тілеп, құттықтау сөздер айтып, наурыз көже жасап, әріптестер кішігірім сый – сыяпат көрсетеміз. Сонымен қатар осы күні мұсылман қауымына исламның жеті байлығын тілеп, ізгі ниетімізді білдіреміз. Қорыта айтқанда, ұлттың көкірек көзін ашып, санасын сергіткен ұлыстың ұлы күні – Наурыздың тарих бедеріндегі өз орнын табуына, тілегі бір туыс халықтардың ортақ мерекесі ретінде жадымызда жатталуына үлкен үлес қосатын ұлттық мереке.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын ағайын!

Салтанат САЛТАНБЕКОВА,
«Сарқанирригация» СШ МКК-нің гидрометрі.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛАТЫН КҮН

Наурыз – қазақтың ұлттық мерекесі. Көктем келіп, қар ериді, жер беті көкке оранып әртүрлі гүлдер жайқалып шығады. Көпшілік рухани тазарады. Бұл мейрам береке-бірлік пен татулықтың нығаятын күні. Араздасқан адамдар бір-бірін кешіреді. Әр қазақтың үйінде наурыз көже жасалып, дастархан дайындалып, ұлттық ойындар ойналады. Наурыз тек күн мен түннің теңелуі ғана емес ұлттық құндылықтарды жаңғырту мерекесі.



Талант ҚАЙСАРҰЛЫ,
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің 7 А сынып оқушысы.